ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 28 шілде № 4360-23-00-2/1501 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Шиелі орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Насыров» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ахметжан Сейтжанович Насыров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Шиелі орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Насыров» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ахметжан Сейтжанович Насыровқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіру сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Насыров» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ахметжан Сейтжанович Насыров мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Насыров» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ахметжан Сейтжанович Насыров мемлекет кірісіне 16 950 (он алты мың тоғыз жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 934 (бір мың тоғыз жүз отыз төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «14» қыркүйек 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 05.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.09.2023, судья Әбілқайысқызы А., 15.09.2023